

Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 1686

"Австрия Республикасында, Испания Корольдігінде, Малайзияда, Түркменстанда, Жапонияда Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 3255 U963255_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшілігінің штат саны 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 16 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшісіне лауазымдық жалақысы шетел валютасымен 2800 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасындағы жалақысын негізге ала отырып, штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметшілеріне медициналық көмек көрсетуге аударым олардың шетел валютасындағы еңбек ақысының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшілігінің штат кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі